

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



Дана патша Сүлеймен



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Lazarus
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy


Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

Дәуіт патша Құдайдың ұлы адамы болды. Оның
басқаруы кезінде Израил Саул патша кезіндегіден он
есе өсті. Бірақ ол бұдан былай басқара алмады. Дәуіт
кәртейді. Әрі шаршады! Әрі ауру еді! Оның

жердегі
өмірі
соңына
тақап
қалған.






Дәуіттің көп ұлдарының бірі Адониях Израил халқына енді өзінің патша болатынын айтты. Оның есімі «Менің Ием – Құдай» дегенді білдірсе де, Адониях жақсы адам болмады. Ол Дәуіттің өзіне қарсы шығуға тым әлсіз екенін біліп, тақты ұрлап алмақ болды. Бірақ Құдайдың жоспары басқаша еді!

3

Дәуіттің әйелі Барсабия өзінің ұлы Сүлеймен патша болуы керектігін білетін. Ол Дәуітке Адонияхтың жоспары жайында айтты. Өзінің ауру екеніне қарамастан, Дәуіт өзінің адамдарын жинап, Сүлейменді көпшіліктің алдында Израилдің патшасы етіп жариялады.



4

Сүлейменде бұдан кейін Адонияхпен еш мәселе болмады, өйткені Израил халқы Дәуітке сенді. Дәуіт оларға Сүлейменнің Құдай таңдаған патша екенін айтты. Осыдай кейін біраз уақыт өткенде Дәуіт қайтыс болды.



5

Өлер алдында Дәуіт Сүлейменге Құдайға бағыну мен жақсы патша болу туралы айтты. «Өзің істеген барлық нәрседе табысты болу үшін Құдайдың жолымен жүр», – деді Дәуіт ұлына. Бұл жақсы кеңес болатын! Сосын Сүлеймен өз әкесі Дәуіттің тағына отырды, солайша оның патшалығы нық бекіді.



6

Бір күні түнде Сүлеймен түс көрді. Түсінде оған Құдай пайда болып былай деді: «Сұра! Мен саған не берейін?» Сіз не сұрар едіңіз? Сүлеймен жақсы патша болу үшін даналық сұрады. Жас патшаның өтініші Құдайға ұнады. Сүлеймен өзінің сұрағанын алды, бірақ Құдай оған орасан зор байлық пен атақ-даңқ беруге де уәде етті.




7

Адамдарға Сүлейменнің даналығын білуге көп уақыт керек болған жоқ. Бірде оның алдына екі әйел бір баланы алып келді. «Мына әйелдің баласы түнде өліп қалды, ал ол өзінің өлі баласын менің тірі баламмен ауыстырып алды», – деді бір әйел. «Жоқ! Тірі бала – МЕНІҢ балам, ал өлі бала – сенікі», – деп безерді екінші әйел. Олардың қайсысы нағыз ана екенін патша қалай анықтай алар еді?




8

Сонда патша: «Маған қылыш әкеп беріңдер» – деді. Олар патшаға қылыш әкеп берді. Сіз қалай ойлайсыз, патша балаға не істемек болды?



9

Сонда патша: «Тірі баланы екіге қаж бөл де, бір жартысын біреуіне, екінші жартысын екінші әйелге беріңдер», – деді. Сонда тірі баланың анасы: «О, менің мырзам, оған тірі баланы беріңіз, оны еш жағдайда да өлтірмеңіз», – деді.



10

Бірақ екінші әйел: «Бала не менікі, не сенікі болмасын, оны бөліп таста», – деді.



11

Сонда патша: «Бірінші әйелге тірі баланы беріңдер. Ол –соның анасы», – деді. Бүкіл Исаил бұл төрелікті естіп, патшаны өте қатты құрметтеді. Олар онда Құдайдың даналығы бар екенін көрді.



12

Исаил халқында Құдайға ғибадат етуге болатын ғибадатхана болмады. Дәуіт киелі үйді салмақ болып жоспарлаған кезде, Құдай: «Сенің ұлың Менің Атыма арнап үй салады», – деген болатын.



Сонымен Сүлеймен Иерусалимде ғажап киелі үйді салуды бастады.


13

Киелі үйді салуға жеті жыл ұзағынан кетті. Бірақ Сүлейменнің киелі үйді Жаратқан Иеге қалай бағыштайтынын есту үшін бәрі жиналды.




14

Ғажайып мінәжаттан кейін патша мен халық қуанышпен мындаған құрбандықтар шалып, екі апта бойы үлкен мейрам өткізді!




15

Осыдан кейін Сүлейменге Құдай тағы да пайда болып, оны және Исраилді Өзіне бағынып тұрған кездің бәрінде жарылқауға уәде етті.



16

Өкінішке орай не Сүлеймен, не Исраил халқы Құдайға әрдайым бағынған емес. Патша көптеген әйелдерге үйленді, ал Құдай оның оларға үйленгенін қаламады. Оның басқа ұлттық әйелдері оның жүрегін жалған құдайларға бұрып әкетті; сөйтіп оның жүрегі өзінің әкесі Дәуіттің жүрегі сияқты Жаратқан Иеге, өзінің Құдайына толықтай берілмеді.



17


Сүлеймен өзінің Құдайға бағыну мүмкіндігін жоғалтып алған кезде, оның Еробоғам есімді қызметкерлерінің бірімен бір қызық жағдай болды. Пайғамбар оған Құдай Сүлейменнің патшалығын екіге бөліп, Еробоғам он екі рудың онына билік жүргізетінін айтты. Еробоғам тездетіп Мысырға қашып кетті. Ол егер қалып қойса,



өзін Сүлейменнің өлтіретінін білді.

18

Ақырында Сүлеймен қайтыс болды. Оның ұлы Рохабоғам халыққа Сүлейменнен де көп салық салды. Он ру қарсы көтеріліп, Еробоғамды өздерінің патшасы етіп сайлады. Сүлейменнің ұлы патшалығы Құдайдың пайғамбары айтқандай екіге бөлінді. Құдай бағынбаушылықты жарылқай алмайды!



19

Дана патша Сүлеймен

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

1 Патшалық 1-12

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."

Забур 119:130

20



Соңы

22

60

21

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

22